


«Келісілді»
Астана қаласының әкімдігінің
№ 37 «Арман» МКҚК
балабақшасының меңгерушісі
 Э. Нурлан
«02» 09 2025 ж.

Астана қаласының әкімдігінің № 37 «Арман» балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңес туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-б. 9-т. сәйкес, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017.27.07 № 355 бұйрығымен әзірленді.

1.2. «№37 «Арман» балабақшасы МКҚК балабақшасы Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) мектепке дейінгі ұйымды (бұдан әрі – МДҰ) алқалы басқару нысандарының біріне жатады.

1.3. Қамқоршылық кеңес МДҰ жарғысының және осы Ереженің негізінде заңды тұлға мәртебесіз жұмыс істейді.

1.4. Қамқоршылық кеңес

- тәрбиеленушілердің құқықтарын сақталуына, сондай-ақ МДҰ шотына түскен қайырымдық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылау жүргізеді;
- жарғыға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- МДҰ басты даму бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- МДҰ-ға қайырымдылық көмек түрінде келіп түскен қаржыны бөлуге қатысады және оны мақсатқа сай жұмсау туралы шешім қабылдайды;
- МДҰ бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;
- МДҰ қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, мәжілістерге, семинарларға қатысады;
- МДҰ қызметімен, тәрбиеленушілерге жасалған жағдаймен танысады, психологтың көзінше олармен әңгімелеседі.

2. Құрамы

2.1. Қамқоршылық кеңестің құрамы мынадай

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымның өкілдері (болған жағдайда);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған балабақша тәрбиеленушілерінің ата-анасының немесе заңды өкілінің бірі;
- 5) қамқоршылар (болған жағдайда).

2.2. Жанында Қамқоршылық кеңес құрылған балабақша меңгерушісі оның мәжілістеріне қатысады.

2.3. «Білім туралы» ҚР Заңының 51-б. 1-т. 2) және 3) тарм. көрсетілген тұлғалар Қамқоршылық кеңестің құрамына кірмейді.

2.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ санды құрайды және бір-бірімен және меңгерушімен жақын туыстық және достық қарым- қатынасы жоқ тоғыз адамнан кем болмауы тиіс.

2.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құзыреттілігінің мерзімі бір жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша жұмыскерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңес құрамындағы мемлекеттік орган өкілдерінің саны үш адамнан аспауға тиіс.

3. Сайлау тәртібі

3.1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде ашық дауыс беру арқылы басым дауыспен сайланған (қайта сайланған) төраға Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

3.2. Мемлекеттік орган өкілдері Қамқоршылық кеңес төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін орындамайды.

3.3. Төрағаның орынбасары мен оның хатшысы Қамқоршылық кеңеспен сайланады.

3.4. Хатшы Қамқоршылық кеңеспен сайланады және Қамқоршылық кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауапты.

4. Құзыреттері

4.1. Егер мәжіліске Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кем дегенде 2/3 бөлігі қатысса, ол шешім қабылдауға құқылы. Қамқоршылық кеңес шешімі оған қатысып отырған мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы басым дауыспен қабылданады.

4.2. Қамқоршылық кеңес мүшелері арасында тапсырмаларды бөлу кеңес отырысында анықталады.

4.3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін атқаруы ақысыз негізде жүзеге асырылады.

4.4. Осы ережеге өзгертулер мен толықтырулар Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысында енгізіледі және оның отырысында бекітіледі.

5. Бюджеттен тыс қосымша қаражатты тарту нысандары, тәртібі және жұмсау

5.1. Балабақшаға қайырымдылық көмек ақысыз негізде ерікті тәртіпте көрсетіледі және осы Қағидалармен қарастырылған тәртіпте Қамқоршылық кеңестің шешімімен ғана жұмсалады.

5.2. Балабақшаға қайырымдылық көмектен келіп түскен кез келген қаражат екінші деңгейлі банктен ашылған шотқа түседі.

5.3. Қайырымдылық көмектен түскен қаражат мына мақсаттарға жұмсалады:

- 1) МДҰ тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;
- 2) МДҰ материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- 3) спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;
- 4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға кететін шығынды есепке алу.

5.4. МДҰ жыл сайын қоғамға қаржылық жылдың қорытындысы бойынша өзінің интернет-ресурсына, сәйкес саладағы уәкілетті органның интернет-ресурсына, білім саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсына сәйкес есепті жариялау арқылы қайырымдылық көмектен түскен қаражатты қолдану және оның қозғалысы туралы ақпарат береді.

6. Іс қағаздарын жүргізу

6.1. Қамқоршылық кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды.

6.2. Хатшының қызметі Қамқоршылық кеңес мүшелерінің біреуіне жүктеледі.

6.3. Құжаттама Қамқоршылық кеңес төрағасында 1 жыл бойы сақталады.

6.4. Ереженің қолданылу мерзімі: білім беру ұйымының нысаны (немесе түрі) өзгергенге дейін.